



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

# Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 5 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 6 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 14 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакторы: Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;  
Редактордың орынбасары: Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық  
байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі  
басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем  
жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті  
директорының орынбасары; Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу  
департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-  
аудармашысы;

Шығаруға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар  
департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ  
050040, Алматы қ.,  
«Коктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде  
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Басылымы – 100 дана  
1995 жылдан бастап шығарылады



**«АСЫЛ КІТАП» БАСПА ҮЙІ ЖШС**

Қазақстан Республикасы  
050009, Алматы қаласы  
Абай данғылы, 143  
asylkitap@mail.ru  
+7 (727)394 41 67

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**№ 29 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**  
**2013 ЖЫЛҒЫ 9 ТАМЫЗ**

*Қаржы нарығындағы ахуал туралы*

### 1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2013 жылғы шілдеде инфляция 0,2% (2012 жылғы шілдеде – 0,3%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,1% (өсуі - 0,1%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,1% (төмендеуі - 0,1%) өсті. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,3% (0,9%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2013 жылғы шілдеде көп дәрежеде күріш 1,6%, қант – 0,7%, кондитерлік бұйымдар – 0,3%, балық және теңіз өнімдері – 0,2% қымбаттады. Бұдан басқа, темекі бұйымдарының бағасы 5,1%-ға өсті. Жұмыртқа бағасының 3,7%, жарма – 0,6%, жемістер мен көкөністер – 0,5%, май және тон майлар – 0,1% төмендегені тіркелді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында сырт киімнің бағасы 0,1%, аяқ киім – 0,2%, күнделікті үй заттары – 0,2%, дәрі-дәрмектер – 0,2% көтерілді. Бензиннің құны 0,1%-ға төмендеді, дизель отыны 0,1%-ға көтерілді.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,2%-ға өсті. Бұл ретте суық су, кәріз және тұрғын үйді жалға алу тарифтері 1,1%-ға өсті. Қоқыс жинау тарифтері 0,3%-ға төмендеді. Бұдан басқа, өткен айда медициналық қызмет көрсету бағасы 0,4%, көлік қызметі – 0,9%, оның ішінде теміржол көлігі қызметі – 2,1%, әуе көлігі – 0,8%, мейрамханалар мен қонақүйлердің қызметі – 0,3%, аяқ киім жөндеу – 0,2% көтерілді.

2012 жылғы қаңтар-шілдеде инфляция 2,8% (2012 жылғы қаңтар-шілдеде – 3,0%) болды. Азық-түлік тауарлары 2013 жылдың басынан 1,8% (2,6%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 1,3% (1,7%), ақылы қызмет көрсету – 5,7% (4,8%) (1-график) қымбаттады.

1-график

**2012 және 2013 жж. қаңтар-шілдедегі инфляция және оның құрамдас бөліктері**



2013 жылғы шілдеде инфляция жылдық көрсетуде 5,9% (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 4,5% (5,3%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,1% (3,5%), ақылы қызметтер – 10,3% (9,3%) қымбаттады.

### 2. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 1 жартыжылдықтағы төлем балансы (алдын ала нәтижелер)

Төлем балансын алдын ала бағалау бойынша 2013 жылғы 1-жартыжылдықта ағымдағы операциялар шотының профициті 2,2 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2012 жылғы 1-жартыжылдықтағы осындай көрсеткіштен 3 еседен аса төмен.

Сауда балансының профициті 30,1%-ға 18,1 млрд. АҚШ долл. дейін (2012 жылғы 1-жартыжылдықта 25,9 млрд. АҚШ долл.) төмендеді, ал бастапқы кірістермен (еңбекақы төлеу, инвестициялық және басқа да

бастапқы кірістер) операциялар бойынша ресурстардың нетто-экетілуі 2012 жылғы 1-жартыжылдықтағы 14,9 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда 12,0 млрд. АҚШ долл. деп бағаланады.

Ағымдағы шоттың басқа құрамдас бөліктері бойынша халықаралық қызметтер мен қосалқы кірістердің (ағымдағы трансферттің) теріс дисбаланстары тиісінше 3,3 млрд. АҚШ долл. және 0,6 млрд. АҚШ долл. құрады.

Алдын ала бағалау бойынша, қаржы шотының (резервтік активтерді есептемегенде) сальдосы оң болып, 0,8 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде қалыптасты (2012 жылғы 1-жартыжылдықта 1,8 млрд. АҚШ долл. болатын теріс сальдо).

Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша тікелей инвестициялар бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 5,7 млрд. АҚШ долл. құрады, ал қаржы активтерін таза иемдену 3,0 млрд. АҚШ долл. құрады. Нәтижесінде, тікелей инвестициялау операциялары бойынша баланс теріс болып, 2,8 млрд. АҚШ долл. құрады (2012 жылғы 1-жартыжылдықта 7,1 млрд. АҚШ долл.).

Портфельдік инвестициялар бойынша активтер өсімінің олар бойынша міндеттемелер өсімінен асып кетуі салдарынан портфельдік инвестициялар бойынша оң сальдо 1,4 млрд. АҚШ долл. құрады. Портфельдік инвестициялар бойынша 5,5 млрд. АҚШ долл. болатын активтердің таза иемденуі (активтердің ұлғаюы) ҚР Ұлттық қорының шетелдік активтерінің 5,1 млрд. АҚШ долл. өсуімен қамтамасыз етілді. Портфельдік инвестициялар бойынша 4,1 млрд. АҚШ долл. болатын міндеттемелерді таза қабылдау (міндеттемелер өсімі) «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның жалпы сомасы 4,0 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде жаңадан борыштық бағалы қағаздарын шығарумен байланысты болды.

### **3. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары**

2013 жылғы шілдеде Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 25,5 млрд. АҚШ долл. дейін 2,5%-ға азайды (жыл басынан бері 9,9%-ға төмендеді). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,5%-ға азайып, 24,9 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бері 10,1%-ға төмендеді). Ішкі валюта нарығында валютаны сату, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қор активтерін толықтыру Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына валютаның келіп түсуімен және банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюымен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2013 жылғы шілдеде 6,0%-ға төмендеді, алтындағы активтер оның әлем нарықтарында бағасының өсуі салдарынан 11,6%-ға өсті.

2013 жылғы шілдеде елдің халықаралық резервтері, жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 64,3 млрд. АҚШ долл.) 89,8 млрд. АҚШ долларына дейін 0,3%-ға өсті (жыл басынан бері 4,4%-ға өсті).

2013 жылғы шілдеде ақша базасы 0,5%-ға кеңейіп, 3109,2 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 7,6%-ға кеңейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3057,2 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға кеңейді.

2013 жылғы маусымда ақша массасы 11578,9 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 10,0%-ға өсті), айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1523,5 млрд. теңгеге дейін 4,3%-ға өсті (жыл басынан бері 0,3%-ға төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 10055,4 млрд. теңгеге дейін 2,0%-ға өсті (жыл басынан бері 11,8% өсті). Ақша массасының құрылымындағы депозиттердің үлесі айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 85,5%-дан 2013 жылғы маусымда 86,8%-ға дейін ұлғайды.

Ақша мультипликаторы 2013 жылғы маусымда тіркелген ақша базасының кеңеюі қарқынымен салыстырғанда, ақша массасының үдемелі өсуі қарқынының салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 3,64-ден 2013 жылғы маусымның қорытындылары бойынша 3,74-ке дейін өсті.

### **4. Валюта нарығы**

2013 жылғы шілдеде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 151,81–153,47 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 153,47 теңге болды.

2013 жылғы шілдеде қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 52,7%-ға өсіп, 6,4 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 15,4%-ға

төмендеп, 1,4 млрд. АҚШ долл. құрады.

Жалпы алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 32,9%-ға ұлғайып, 7,8 млрд. АҚШ долл. болды.

## **5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы**

2013 жылғы шілдеде Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 5 аукцион өткізілді. Онда 12 айлық МЕККАМ (14,2 млрд. теңге), 5 жылдық МЕОКАМ (12,0 млрд. теңге), 8 жылдық МЕУКАМ (15,2 млрд. теңге), 10 жылдық МЕУКАМ (17,1 млрд. теңге), 10 жылдық МЕУЖКАМ (15 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12 айлық МЕККАМ бойынша инфляция деңгейінен 2,95%, 5 жылдық МЕОКАМ бойынша – 3,84%, 8 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,00%, 10 жылдық МЕУКАМ бойынша – 5,90%, 10 жылдық МЕУЖКАМ бойынша –0,01% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 1,9% ұлғая отырып, 2013 жылғы шілденің аяғында 3155,6 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2013 жылғы шілдеде 10,6 млрд. теңге болды.

Бұл ретте 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 3 аукцион (7,0 млрд. теңге 1,0 млрд. теңге, 1,0 млрд. теңге) және 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион (1,6 млрд. теңге) өтті. 3 айлық ноттар бойынша тиімді кірістілік 1,05%, 6 айлық ноттар бойынша – 1,51% болды.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 2013 жылғы шілденің аяғында 14,8% қысқарып, 38,0 млрд. теңгені құрады.

## **6. Банкаралық ақша нарығы**

2013 жылғы маусымда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2013 жылғы мамырмен салыстырғанда 12,4%-ға азайып, баламасында 2287,7 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 68,9%-ға төмендеді және 114,0 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 5,0%) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы маусымда 0,83%-дан 1,23%-ға дейін өсті.

2013 жылғы маусымда 2013 жылғы мамырмен салыстырғанда доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 3,0%-ға азайып, 13,5 млрд. АҚШ долл. (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 89,6%) болды. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы маусымда 0,14%-дан 0,09%-ға дейін төмендеді.

Ресей рублімен депозиттерге орналастыру көлемі бір айда 0,9%-ға ұлғайып, 25,1 млрд. рубльді құрады (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 5,2%). Рубльмен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 4,96%-дан 5,01%-ға дейін өсті.

Еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі мардымсыз – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 0,3%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2013 жылғы маусымда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 86,0%-нан 95,0%-ға дейін ұлғайды. Шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен 84,8%-дан 94,6%-ға дейін ұлғайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2013 жылғы мамырмен салыстырғанда 2013 жылғы маусымда 85,6 млрд. теңгеге дейін 74,9%-ға азайды.

## **7. Депозит нарығы**

Депозиттік ұйымдардағы резиденттердің депозиттерінің жалпы көлемі 2013 жылғы маусымда 2,0%-ға 10055,4 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 11,8% өскен) ұлғайған. Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 2,3%-ға 6449,4 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 14,7% өскен), жеке тұлғалардың депозиттері 1,5%-ға 3606,0 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 6,9% өскен) ұлғайған.

2013 жылғы маусымда ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2,9%-ға 6602,1 млрд. теңгеге дейін (заңды тұлғалардың депозиттері 3,4% өскен, жеке тұлғалардың депозиттері 1,8% өскен), шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 0,3%-ға 3453,2 млрд. теңгеге дейін (заңды тұлғалардың

депозиттері 0,1% азайған, жеке тұлғалардың депозиттері 0,9% өскен) ұлғайған. Теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 65,1%-дан 65,7%-ға дейін артқан.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктерге салымдары 2013 жылғы маусымда 1,5%-ға 3643,1 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 6,9% өскен) көтерілген. Халықтың салымдарының құрылымында теңгемен депозиттер 1,8%-ға 2218,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайған, шетел валютасындағы депозиттері 1,0%-ға 1424,4 млрд. теңгеге дейін көтерілген. Халықтың салымдарының құрамында теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 60,7%-дан 60,9%-ға дейін артқан.

2013 жылғы маусымда мерзімді депозиттер 6,8%-ға 6588,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайған. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгемен депозиттер 2,1%-ға 4151,7 млрд. теңгеге дейін, шетел валютасымен депозиттер 15,9%-ға 2436,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайған.

2013 жылғы маусымда банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 3,6% (2013 жылғы мамырда – 3,2%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 6,8% (6,8%) болды.

## **8. Кредит нарығы**

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2013 жылғы маусымда 10545,0 млрд. теңгені құрап, 1,7% (жылдың басынан бері 5,9% өскен) өсті.

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 0,2%-ға 7550,1 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 7,2% өскен) ұлғайған, шетел валютасындағы кредит көлемі 5,4%-ға 2994,9 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 2,7% өскен) ұлғайған. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 72,6%-дан 71,6%-ға дейін төмендеген.

Ұзақ мерзімді кредиттеу 2013 жылғы маусымда 8569,9 млрд. теңгені құрап, 1,7%-ға көтерілді, қысқа мерзімді кредиттеу 1,3%-ға 1975,1 млрд. теңгеге дейін өсті. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 81,2%-дан 81,3%-ға дейін ұлғайды.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2013 жылғы маусымда 1,2%-ға 7324,0 млрд. теңгеге дейін, жеке тұлғаларға кредиттер 2,6%-ға 3220,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайған. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 30,3%-дан 30,5%-ға дейін ұлғайған.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2013 жылғы маусымда 1,0%-ға 1473,6 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 4,4% өскен) артқан, бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 14,0% құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға кредиттерінің анағұрлым айтарлықтай сомасы саудаға (жалпы көлемдегі үлесі – 19,7%), құрылысқа (13,2%), өнеркәсіпке (11,9%), көлікке (3,8%) және ауыл шаруашылығына (3,0%) келеді.

Банктік емес заңды тұлғаларға шетел валютасында берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы маусымда 10,3% (2013 жылғы мамырда – 10,9%), жеке тұлғаларға – 19,5% (20,0%) болды.

2013 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	01.08	02.08	03-05.08	06.08	07.08	08.08	09.08	10-12.08	13.08	14.08	15.08	16.08		
Австралия доллары	AUD	138,66	137,87	136,71	137,04	137,04	138,23	137,04	138,7	139,88	140,15	139,71	139,02	140,32
Ағылшын фунт стерл.	GBP	233,41	233,55	232,99	236,14	234,63	236,28	234,63	237,43	237,73	237,03	236,89	236,54	238,11
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	67,34	67,49	66,75	67,22	66,68	66,68	66,73	66,37	67,01	67,52	66,93	66,1	65,78
Венгер форинті	HUF	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68
I Гонконг доллары	HKD	19,79	19,81	19,82	19,83	19,83	19,83	19,77	19,74	19,71	19,75	19,74	19,71	19,71
Дат кронасы	DKK	27,36	27,31	27,26	27,41	27,37	27,37	27,32	27,41	27,45	27,32	27,31	27,18	27,24
Дихрам БАӘ	AED	41,78	41,83	41,86	41,88	41,86	41,86	41,75	41,69	41,62	41,7	41,68	41,62	41,62
АҚШ доллары	USD	153,47	153,63	153,75	153,81	153,76	153,76	153,34	153,12	152,87	153,15	153,09	152,85	152,85
Еуро	EUR	203,95	203,48	203,13	204,32	203,98	203,98	203,65	204,38	204,6	203,78	203,66	202,72	203,11
Канада доллары	CAD	149,09	149,39	148,09	148,16	148,36	148,36	147,19	147,06	148,37	148,5	148,31	147,58	148,35
Қытай юаны	CNY	25,04	25,06	25,08	25,11	25,12	25,12	25,06	25,02	24,97	25,02	25,01	24,98	25,01
Қувайт динары	KWD	539,63	540	542,33	541,01	541,6	541,6	539,36	539,53	537,9	539,45	538,67	538,01	538,01
Қырғыз сомы	KGS	3,14	3,14	3,14	3,14	3,14	3,14	3,13	3,15	3,15	3,13	3,13	3,13	3,15
Латвия латы	LVL	290,33	289,76	289,17	291,14	290,61	290,61	289,98	291,1	291,35	290,28	290,22	288,72	289,38
Литва литі	LTL	59,11	58,98	58,85	59,2	59,1	59,1	59,01	59,25	59,27	59,03	59,02	58,74	58,83
Малазия рингиті	MYR	47,35	47,4	47,18	47,62	47,37	47,37	47,14	47,07	46,99	47,17	47	46,69	46,66
Молдова лейі	MDL	12,14	12,15	12,16	12,18	12,17	12,17	12,17	12,11	12,07	12,1	12,1	12,04	12,04
Норвег кронасы	NOK	25,87	25,98	25,82	26,04	25,92	25,92	25,84	25,93	26,09	26,12	26,17	25,93	26,02
Польша злотыйы	PLN	48,13	48,11	47,75	48,44	48,48	48,48	48,33	48,65	48,83	48,62	48,67	48,29	48,35
Сауд Аравиясының риялы	SAR	40,92	40,96	41	41,01	41	41	40,89	40,83	40,76	40,84	40,82	40,76	40,76
Ресей рублі	RUB	4,65	4,65	4,65	4,68	4,67	4,67	4,64	4,65	4,66	4,65	4,63	4,61	4,64
СДР	XDR	232,47	232,48	232,24	231,91	232,87	232,87	232,33	232,45	232,07	233,32	233,23	231,92	231,63
Сингапур доллары	SGD	120,71	120,76	120,47	121,39	121,21	121,21	121	121,41	121,48	121,41	121,19	120,23	120,4
Тәжік сомониі	TJS	32,19	32,22	32,25	32,5	32,25	32,25	32,16	32,36	32,31	32,37	32,11	32,06	32,06
I түрік лирі	TRY	79,57	79,35	78,98	79,79	79,79	79,79	79,45	79,58	79,62	79,61	79,61	78,87	79,29
Өзбек сумы	UZS	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07
Украин гривнасы	UAH	18,91	18,89	18,89	18,91	18,93	18,93	18,89	18,89	18,84	18,88	18,87	18,85	18,83
Чех кронасы	CZK	7,92	7,86	7,83	7,9	7,87	7,87	7,84	7,9	7,91	7,87	7,9	7,85	7,88
Швед кронасы	SEK	23,39	23,47	23,21	23,37	23,41	23,41	23,3	23,54	23,59	23,51	23,53	23,43	23,55
Швейцар франкі	CHF	165,75	165,23	164,09	165,73	165,73	165,73	165,33	166,15	166,16	165,44	165,09	163,27	163,72
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	15,56	15,54	15,35	15,66	15,61	15,61	15,43	15,49	15,66	15,55	15,43	15,3	15,42
100 оңтүстік корей воны	KRW	13,67	13,68	13,68	13,81	13,79	13,79	13,73	13,77	13,76	13,75	13,72	13,67	13,67
1 жапон йенасы	JPY	1,57	1,56	1,54	1,56	1,56	1,56	1,58	1,59	1,58	1,58	1,56	1,56	1,56

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

### 1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
<b>22.07-26.07</b>	<b>153,29</b>	<b>153,20</b>	<b>0,29</b>	<b>1 821,30</b>
<b>29.07-02.08</b>	<b>153,13</b>	<b>153,47</b>	<b>0,47</b>	<b>1 851,65</b>
<b>05.08-09.08</b>	<b>153,12</b>	<b>153,28</b>	<b>-0,13</b>	<b>1 938,65</b>
05.08.2013	153,75	153,81	0,04	312,70
06.08.2013	153,81	153,76	-0,03	203,10
07.08.2013	153,76	153,34	-0,27	315,15
08.08.2013	153,34	153,12	-0,14	654,35
<b>12.08-16.08</b>	<b>153,09</b>	<b>152,85</b>	<b>-0,28</b>	<b>1 605,60</b>
12.08.2013	152,87	153,15	0,18	202,00
13.08.2013	153,15	153,09	-0,04	227,30
14.08.2013	153,09	152,85	-0,16	276,60
15.08.2013	152,85	152,85	0,00	404,50
16.08.2013	152,85	152,63	-0,14	495,20

\* - өткен кезеңге өзгерістер






## 2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
<b>Қаржы министрлігінің МБҚ</b>				
10.06-14.06	2,69	18,46	6,30	16,9
17.06-21.06	7,14	14,00	5,90	15,0
24.06-28.06	16,56	18,11	инф+0,01	30,0
01.07-05.07	1,00	94,96	2,95	14,2
09.07-12.07	3,95	28,86	5,90	17,1
15.07-19.07	2,23	45,57	6,00	15,2
22.07-26.07	4,71	25,49	3,84	12,0
29.07-02.08	5,89	13,45	0,30	21,4
05.08-09.08	1,20	56,54	3,98	18,4
12.08-16.08	1,50	58,05	6,14	27,0
<b>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары</b>				
10.06-14.06	-	-	-	-
17.06-21.06	-	-	-	-
24.06-28.06	-	-	-	-
01.07-05.07	0,70	100	1,05	7,0
09.07-12.07	0,10	100	1,05	1,0
15.07-19.07	0,10	100	1,05	1,0
22.07-26.07	0,16	100	1,51	1,6
29.07-02.08	0,15	100	1,99	1,5
05.08-09.08	0,10	100	1,99	1,0
12.08-16.08	0,07	100	1,99	0,7

**Тенгемен номинирленген МБҚ нарығы**



*Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)*

	Көлемі млн.теңге				
	барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
31.05.13	3 148 012,23	2 350 206,93	616 360,92	103 007,70	78 436,68
07.06.13	3 122 787,02	2 325 702,93	616 360,92	106 405,75	74 317,42
14.06.13	3 109 931,25	2 342 650,97	601 694,25	106 405,75	59 180,27
21.06.13	3 124 931,25	2 357 650,97	601 694,25	106 405,75	59 180,27
28.06.13	3 140 282,23	2 387 650,97	601 694,25	106 405,75	44 531,25
05.07.13	3 147 779,71	2 387 650,97	601 694,25	106 921,43	51 513,05
12.07.13	3 154 461,79	2 404 745,92	601 694,25	106 921,43	41 100,19
19.07.13	3 164 949,79	2 419 971,56	601 694,25	106 921,43	36 362,54
26.07.13	3 178 549,25	2 419 971,56	613 705,56	106 921,43	37 950,70
02.08.13	3 199 724,88	2 434 971,56	613 705,56	113 315,95	37 731,81
09.08.13	3 206 319,36	2 434 971,56	628 507,24	104 113,66	38 726,91
16.08.13	3 218 154,38	2 461 986,20	618 507,24	104 113,66	33 547,29

### 3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
12.08.2013	4,870
13.08.2013	4,653
14.08.2013	4,558
15.08.2013	4,962
16.08.2013	4,934
<i>эмиссия басынан бері</i>	-2,703
<i>апта үшін</i>	0,064




#### 4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %
05.08-09.08	251,9	3 586,9	-11,9	384,7	90,2	-16,1
12.08-16.08	248,7	3 896,1	8,6	435,4	92,3	2,3

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




## 5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Биржа	Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
		09.08.2013	16.08.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
Өзгеруі	Dow Jones	15 425,51	15 081,47	-2,23%	48,78%
Жапония	Nikkei 225	13 615,19	13 650,11	0,26%	29,48%
Германия	DAX	8 338,31	8 391,94	0,64%	62,63%
Ұлыбритания	FTSE	6 583,39	6 499,99	-1,27%	25,03%
Гонконг	Hang Seng	21 807,56	22 517,81	3,26%	96,98%


**Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы**



Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	09.08.2013	16.08.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	96,21	97,53	1,37%	-25,61%
GBP/USD	1,5498	1,5629	0,85%	7,69%
EUR/USD	1,3342	1,3329	-0,10%	50,53%
USD/RUR	32,94	33,00	0,18%	8,22%



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		09.08.2013	16.08.2013	кезең үшін	2001ж. жел.бастап
алтын	тр.ун.	1314,4	1376,9	4,75%	397,69%
мыс	метр.тонна	7 253,3	7 371,8	1,63%	404,76%
мырыш	метр.тонна	1 907,0	1 969,3	3,26%	155,25%
мұнай	баррель	107,81	111,28	3,22%	448,18%




## 6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

### Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
<b>22.07.13-26.07.13</b>								
KZT	30 920 000	1,20	500 000	6,20	324 000	9	1 000 000	5,00
USD	25 000	0,04	0	0,00	2 929 744	0,06	61 531	2,78
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	4 898 300	5,24	0	0,00
<b>29.07.13-02.08.13</b>								
KZT	40 800 000	0,94	0	0,00	1 712 000	4	0	0,00
USD	60 000	0,07	0	0,00	3 193 243	0,09	32 035	1,70
EURO	100	0,05	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	4 963 500	5,12	0	0,00
<b>05.08.13-09.08.13</b>								
KZT	43 465 000	1,56	0	0,00	2 964 000	9	0	0,00
USD	47 500	0,08	2 000	1,00	2 281 414	0,07	25 136	0,17
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	4 957 000	5,10	4 300	9,50
<b>12.08.13-16.08.13</b>								
KZT	49 620 000	2,32	2 500 000	6,00	1 594 000	3	0	0,00
USD	25 000	0,03	0	0,00	2 871 981	0,08	20 000	2,72
EURO	0	0,00	0	0,00	15 000	0,03	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 441 000	5,67	0	0,00

\*- валюта мың бірлігі


**Банкаралық ақша нарығындағы теңгелік депозиттер және олар бойынша кірістілік деңгейі**



### Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі  (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы,  бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде:  резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	% *		
08.07.13-12.07.13 USD RUB EUR	173 648 233 500 9 166	110 690 233 500 9 166	63,7 100,0 100,0	152,36 4,62 197,79	152,38 4,62 197,80
15.07.13-19.07.13 USD RUB EUR	251 732 38 437 8 335	149 070 36 000 8 335	59,2 93,7 100,0	152,78 4,71 200,29	152,81 4,70 200,29
22.07.13-26.07.13 USD RUB EUR	580 855 73 917 10 890	272 436 67 635 10 890	46,9 91,5 100,0	153,22 4,73 202,64	153,23 4,73 202,64
29.07.13-02.08.13 USD RUB EUR	483 059 36 721 8 402	253 510 35 100 8 402	52,5 95,6 100,0	153,42 4,66 203,50	153,45 4,66 203,50

\* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 сәуір

№ 110

*Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*\* Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 10 маусымда № 8505 тіркелген*



*Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережелерін бекіту туралы» 1999 жылғы 28 наурыздағы № 37 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 754 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастар орнату жөніндегі ережелерде:

8-3-2-тармағының екінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) заңды тұлғаның филиалын есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі.»;

5) тармақша алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1199 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесінде:

11-тармақта:

1) тармақшаның үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі;

жарғы (оқшауланған бөлімшелер үшін - Ереже) немесе көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері не үлгі жарғының негізінде клиент қызметінің жүзеге асырылу фактісін растайтын құжат.»;

3) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«дара кәсіпкер ретінде міндетті мемлекеттік тіркелуге жататын дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары үшін - салық қызметі органы берген, клиентті дара кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде тіркеу есебіне қоюды растайтын құжаттың көшірмесі, не егер көрсетілген құжат электрондық құжат нысанында берілген болса, электрондық құжат мазмұнының қағаз тасымалдауыштағы басып шығарылуы немесе бейнесі.»;

4) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«резидент емес-заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін - уәкілетті орган берген, есептік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын белгіленген нысандағы құжат не оның көшірмесі, сондай-ақ мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде жазылған тиісті филиал немесе өкілдік туралы ереже не оның нотариалды куәландырылған көшірмесі және Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлға филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.»;

б) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«дара кәсіпкер ретінде міндетті мемлекеттік тіркелуге жататын дара кәсіпкерлер үшін - салық қызметі органы берген, клиентті дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қоюды растайтын құжаттың көшірмесі, не егер көрсетілген құжатты уәкілетті орган электрондық құжат нысанында берген болса, электрондық құжат мазмұнының қағаз тасымалдауыштағы басып шығарылуы немесе бейнесі.»;

7) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті орган берген, мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын анықтама немесе белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесі;»;

17-тармақта:

1) тармақшаның үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі;

жарғы (оқшауланған бөлімшелер үшін - Ереже) немесе көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері не үлгі жарғының негізінде клиент қызметінің жүзеге асырылу фактісін растайтын құжат;»;

2) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«дара кәсіпкер ретінде міндетті мемлекеттік тіркелуге жататын дара кәсіпкерлер үшін - клиентті дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қоюды растайтын құжаттың көшірмесі, не егер көрсетілген құжат электрондық құжат нысанында берілген болса, электрондық құжат мазмұнының қағаз тасымалдауыштағы басып шығарылуы немесе бейнесі;»;

3) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«резидент емес-занды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін - уәкілетті орган берген, есептік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын белгіленген нысандағы құжат не оның көшірмесі, сондай-ақ тиісті филиал немесе өкілдік туралы ереженің нотариалды куәландырылған және мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде жазылған көшірмесі және Қазақстан Республикасының резиденті емес-занды тұлға филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхаттың көшірмесі;»;

4) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«дара кәсіпкер ретінде міндетті мемлекеттік тіркелуге жататын дара кәсіпкерлер үшін - салық қызметі органы берген, клиентті дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қоюды растайтын құжаттың көшірмесі, не егер көрсетілген құжат электрондық құжат нысанында берілген болса, электрондық құжат мазмұнының қағаз тасымалдауыштағы басып шығарылуы немесе бейнесі;»;

18-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі;».

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және одан айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің актуарлық есептердің шынайылығын тексеру нәтижесін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1532 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және одан айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің актуарлық есептердің шынайылығын тексеру нәтижесін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға беру тәртібі туралы ережеде:

1-қосымшаның Актуарийлік қорытындысының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәлік;»;

1-2-қосымшаның Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәлік;».

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Кастодиандық үлгі шарттардың нысандарын бекіту туралы» 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 139 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2320 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3, 4-қосымшалар осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 1, 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан депозитарлық қолхаттарын шығару, орналастыру, айналысы және өтеу, олардың шығарылуын мемлекеттік тіркеу және қазақстан депозитарлық қолхаттарын шығару немесе өтеу қорытындылары туралы есептерді беру, сондай-ақ

қазақстан депозитарлық қолхаттарының эмитенті сақтауға жататын талаптар туралы ережені бекіту туралы» 2003 жылғы 6 желтоқсандағы № 430 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2646 тіркелген, 2004 жылғы 3 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 25 (23663) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан депозитарлық қолхаттарын шығару, орналастыру, айналысы және өтеу, олардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және қазақстан депозитарлық қолхаттарын шығару немесе өтеу қорытындылары туралы есептерді беру, сондай-ақ қазақстан депозитарлық қолхаттарының эмитенті сақтауға жататын талаптар туралы ережеде:

15-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) базалық активтің эмитентін заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесін;»;

1-қосымшаның Қазақстан депозитарлық қолхаттары шығарылымының проспектісінде:

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің толық ресми атауы;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес базалық активі болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың түрі және санатын, базалық активі эмитентінің толық ресми атауы;»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) эмитентті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі;»;

2-қосымшаның Қазақстан депозитарлық қолхаттарын орналастыру қорытындылары туралы есебінің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бағалы қағаздарға қазақстандық депозитарлық қолхаттар - (шығарылым проспектісіне сәйкес базалық актив эмитентінің бағалы қағаздарының түрін, үлгісін және санатын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес базалық актив эмитентінің атауын және орналасқан жерін көрсету керек);»;

3-қосымшаның Қазақстан депозитарлық қолхаттарын өтеу қорытындылары туралы есебінің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бағалы қағаздарға қазақстандық депозитарлық қолхаттар - (шығарылым проспектісіне сәйкес базалық актив эмитентінің бағалы қағаздарының түрін, үлгісін және санатын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес базалық актив эмитентінің атауын және орналасқан жерін көрсету керек);»;

4-қосымшаның Қазақстан депозитарлық қолхаттарының шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган (атауы) бағалы қағаздарға тіркелген (тіркеген органның атауы, тіркеу нөмірі және күні) қазақстандық депозитарлық қолхаттардың шығарылымын (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің атауы) мемлекеттік тіркеуді жүргізді (реттік нөмірі) (базалық актив эмитентінің бағалы қағаздарының түрін, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес базалық актив эмитентінің атауын және орналасқан жерін көрсету керек).».

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ережені бекіту жөнінде» 2004 жылғы 21 тамыздағы № 250 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3113 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ережеде:

1, 2-қосымшалар осы өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық

актілері тізбесінің 3, 4-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды инвесторларға міндетті түрде сату ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 113 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3576 тіркелген, 2005 жылғы 2 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 96-97 (721) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды инвесторларға міндетті түрде сату ережесінде:

12-тармақтың екінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) банктің атауы, орналасқан жері, почталық мекенжайы, банкті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) заңды тұлға - инвестордың атауы, орналасқан жері, почталық мекенжайы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі;»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Тіркеуші уәкілетті органға мынадай құжаттар негізінде бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде жеке шот ашады: уәкілетті органның шешімі, уәкілетті органның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің көшірмесі және мөр бедерімен уәкілетті органның тіркеушіге берілетін құжаттарға қол қоюға және банктің акцияларымен мәмілелер жасау бойынша өзге де рәсімдерді жүзеге асыруға уәкілетті өкілдерінің қол қою үлгілерінің карточкасы.

Уәкілетті органның шешімі негізінде тіркеуші акционерлердің жеке шоттарынан банк акцияларын есептен шығарады және оларды уәкілетті органның жеке шотына есепке жазады.».

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, акцияларды орналастыру және акциялар шығарылымын жою қорытындысы туралы есепті бекіту» 2005 жылғы 30 шілдедегі № 268 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3832 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесінде:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмелерін;»;

6-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) әділет органының не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің белгісі қойылған барлық енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге жарғының және заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмелерін (қоғамның атауы және (немесе) оның орналасқан жері өзгерген жағдайда);»;

10-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) әділет органының белгісі қойылған барлық енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге жарғының және заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесін.»;

1-қосымшаның Акциялар шығарылымының проспектісі 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі қажет.»;

1-1-қосымша осы өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаның Акцияларды орналастыру қорытындылары бойынша есебінің 1-1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақта қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі қажет.»;

2-1 және 2-2-қосымшалар осы өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 6 және 7-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын;

2-3-қосымшаның Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепке өзгерістердің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі қажет.»4-қосымшада:

«	Атауы: (Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес) Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) негізгі деректері (Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес) Күні (кк/аа/жж) Нөмірі
	Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) басқа да деректері (Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес) Орналасқан жері: Бастапқы мемлекеттік тіркелген күні (кк/аа/жж)

»

деген бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

«	Атауы: (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес) Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) негізгі деректері (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес) Күні (күні/айы/жылы) Нөмірі
	Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) басқа да деректері (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес) Орналасқан жері: Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні (күні/айы/жылы)

».

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары жөніндегі ережені бекіту туралы» 2005 жылғы 30 шілдедегі № 269 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3822 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары туралы есепті қарау ережесінде:

5-1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) эмитенттің атауы өзгерген, шаруашылық серіктестіктердегі қатысушылардың құрамы өзгерген жағдайда (шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімін тіркеуші жүргізетін шаруашылық серіктестіктерді қоспағанда) - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі мен жарғыға өзгерістердің көшірмесі;»;

14-3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесін;»;

1-қосымшаның Облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаның) проспектісінің 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы және эмитенттің алғашқы тіркелген күні көрсетілуі қажет.»;

3-1, 3-2 және 3-3-қосымшалар осы өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаның Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есебінің 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі қажет.»;

6-қосымшаның Облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есебінің 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі қажет.»;

8, 9-қосымшалар осы өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 11, 12-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

10. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 27 тамыздағы № 317 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3870 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесінде:

19-2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғалар үшін (Қазақстан Республикасының резиденттері):  
жарғының көшірмесі;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;  
бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 61 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4138 тіркелген) бекітілген Номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені ресімдеу мен беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу ережесінің 8-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген мәліметтер қамтылған, заңды тұлғаның қолтаңба үлгілері (оның ішінде клиенттік тапсырыстарға қол қою құқығына ие заңды тұлға өкілдерінің) және мөр бедері бар нотариалды куәландырылған құжат;»;

29-тармақтың 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) клиент мүддесінде қаржы құралдарымен мәміле жасау болжанған клиент туралы мәліметтер:  
жеке тұлға үшін:

тегі, аты, бар болса - әкесінің аты;

жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні мен нөмірі және құжатты берген органның атауы;  
заңды тұлға үшін:

атауы;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні мен нөмірі, мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы.»;

11. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олардың бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 61 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 4138 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасымен бекітілген Номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олардың бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу ережесінде:

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;»;

13-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта тіркеу) тіркеу туралы анықтаманың немесе куәлігінің берілген күні және нөмірі;»;

4-қосымша осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

12. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4175 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

9-тармақтың екінші бөлігіндегі 5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;»;

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;»;

17-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) заңды тұлғаны (инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясын) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі);»;

6 және 7-қосымшалар осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 14 және 15-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Агент банкті таңдау жөнінде конкурс өткізу ережесі мен агент банкке қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 211 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4439 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2006 жылғы 17 қарашада № 201 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Агент банкті таңдау жөнінде конкурс өткізу ережесі мен агент банкке қойылатын талаптарда:

2-қосымша осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

14. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өтуге қосылу шартына екінші деңгейдегі банктердің қосылуы жөніндегі өтініш нысанын бекіту туралы» 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 216 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4430 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 27 қазандағы № 106 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4468 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2006 жылғы 13 желтоқсанда № 51 (312) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесінде:

7, 9 және 10-тармақтар алып тасталсын;

29-тармақтың үшінші бөлігіндегі екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«филиалды есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі (уәкілетті банктер үшін);»;

2-қосымша осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

16. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4602 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2007 жылғы 25 сәуірде № 62 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесінде:

14-2-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«нотариат куәландырған құрылтай құжаттардың және заңды тұлғаны құруға бағытталған серіктестік шартына негізделе құрылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмелері.»

17. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Акционерлік қоғамды жария компания деп тану және одан жария компанияның мәртебесін қайтарып алу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 30 наурыздағы № 70 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4672 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Акционерлік қоғамды жария компания деп тану және одан жария компанияның мәртебесін қайтарып алу ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті органның қоғамды жария компания деп тану мыналарды:

1) қоғамның атауын және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерін (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес);

2) интернет желісінде қоғамның домендік аты тіркелгенін растайтын құжаттың нөмірін және күнін көрсетіп, қоғамның интернет-ресурсының корпоративтік адрестерін көрсетіп, еркін түрде жасалған қоғамның өтініші негізінде жүргізіледі.»

18. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 121 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4718 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2007 жылғы 13 шілдеде № 106 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесінде:

4-тармақтың 2) тармақшасындағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Ереженің 1-қосымшасына сәйкес мәліметтер, оларға заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің нотариатты куәландырылған көшірмесі және құрылтай құжаттарының (жарғының, құрылтай шартының) нотариатта куәландырылған көшірмелері;»

19. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 122 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4731 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру ережесінде:

9-қосымшадағы Өтініштің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әділет органдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, сақтандыру брокерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер

---

---

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың



---

немесе куәліктің күні және нөмірі)».

20. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидаларын бекіту туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 123 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4736 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2007 жылғы 20 шілдеде № 110 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-қосымшаның Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидаларында:

10-қосымшадағы Өтініштің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің нөмірі және күні \_\_\_\_\_».

---

21. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын банк операцияларын лицензиялау қағидаларын бекіту туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 168 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4873 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын банк операцияларын лицензиялау қағидаларында:

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жарғының және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмелерін;»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Банктік емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерінің ашылуы (қайта тіркелу, қызметін тоқтату) кезінде әділет органдарында филиалды (өкілдікті) есепке алып тіркелген (қайта тіркелген, есептен шығарылған) күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде банктік емес ұйым уәкілетті органға филиалдың немесе өкілдіктің есепке алып тіркелуі туралы анықтаманың немесе куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесін (филиалды (өкілдікті) есептен шығару туралы бұйрық, есепке алынып қайта тіркелуі туралы анықтаманы, есепке алып тіркелуі туралы анықтаманы немесе куәлікті жою) қоса беріп, филиалды (өкілдікті) ашу (қызметін тоқтату) туралы хабарлама береді.».

22. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Ислам арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат беру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 27 наурыздағы № 55 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5638 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат беру ережесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ислам арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға не таратуға рұқсат беру туралы өтініш еркін нысанда жасалып, ислам арнайы қаржы компаниясының бірінші басшысы қол қояды және өтініште ислам арнайы қаржы компаниясының атауы туралы мәлімет (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес) және ислам бағалы қағаздарының шығарылымын өтеу нәтижелері туралы есепті уәкілетті орган бекіткен күні көрсетіледі.»;

қосымша осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

23. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына

ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі ережені бекіту туралы» 2009 жылғы 27 наурыздағы № 57 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5669 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі ережеде:

1-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;»;

8-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) эмитенттің (оригинатордың) орналасқан жері өзгерген жағдайда - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі және жарғының көшірмесі.»;

1-қосымшаның Ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісі деген 1-тараудағы 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ оны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі тиіс.»;

2-қосымша осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаның Ислам бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептегі 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ оны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі тиіс.»;

4-қосымшаның Ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептегі 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ оны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетіледі.»;

5-қосымша осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

24. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеумен қадағалау агенттігі Басқармасының «Тұрақтандыру банкін құру, лицензиялау, жарғылық және меншікті капиталдарының барынша төмен мөлшерін қалыптастыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 179 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5782 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 2 қазанда № 150, 2009 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағының № 11 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тұрақтандыру банкін құру, лицензиялау, жарғылық және меншікті капиталдарының барынша төмен мөлшерін қалыптастыру ережесінде:

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) нотариатта куәландырылған жарғының көшірмесі және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің көшірмесін;».

25. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру полистері бланктерінің мазмұны және оларды жасау, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисін рәсімдеу, сондай-ақ міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша міндетті сақтандыру шарттарын жасау үшін сақтанушы өтініштерінің мазмұны жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 наурыздағы № 24 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6171 тіркелген, 2010 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге орталық мемлекеттік

органдарының актілері жинағының № 13, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 30 қазанда № 450-451 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулыда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сақтандыру полистері бланктерінің мазмұнына және оларды жасауға, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін рәсімдеуге, сондай-ақ міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша міндетті сақтандыру шарттарын жасау үшін сақтанушы өтініштерінің мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру полистері бланктерінің мазмұнына және оларды жасауға, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін рәсімдеуге қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар);

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушы өтінішінің мазмұнына қойылатын талаптар; 3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушы өтінішінің мазмұнына қойылатын талаптар бекітілсін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Талаптардың 2-тарауын қоспағанда, осы қаулы оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.»;

1-қосымшада:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру полистері бланктерінің мазмұны және оларды жасауға, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисін рәсімдеу, сондай-ақ міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша міндетті сақтандыру шарттарын жасау үшін сақтанушы өтініштерінің мазмұны жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сақтандыру полистері бланктерінің мазмұнына және оларды жасауға, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін рәсімдеуге қойылатын талаптар»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Сақтандыру полистері бланктерінің мазмұнына және оларды жасауға, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін рәсімдеуге қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 43-бабының 22) тармақшасына, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген және сақтандыру полистері бланктерінің мазмұнына және оларды жасауға қойылатын талаптарды, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін рәсімдеу жөнінде талаптарды белгілейді.»;

2-тармақтағы:

үшінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«занды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе куәлік.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Экономикалық қызмет түрі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 128 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6551 тіркелген) бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есептілікті беру ережесінің 31-қосымшасына сәйкес көрсетіледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сақтандырудың міндетті түрлері (класстары) бойынша сақтандыру полисінде осы Талаптардың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерге қосымша Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптар бар.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі (бұдан әрі - міндетті сақтандыру) Талаптардың қосымшасына сәйкес беріледі.»;

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі Талаптардың 4-тармағында белгіленген талаптардан басқа мынадай талаптарға сәйкес келеді:

міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің бланкісі түсінің нөмірі Pantone шәкілі бойынша 701 болуы тиіс. Осы түс сақтандырудың өзге түрлері бойынша сақтандыру полистері үшін қолданылмайды;

міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің бланкісін өндіру кезінде қолданылатын қағазда жарыққа тосып қарағанда көрінетін «KAZ - ою - KAZ» деген су тамғы белгісі болуы тиіс.».

16. Талаптардың 13, 14 және 15-тармақтарында белгіленген талаптар Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (әкелінген) көлік құралдары иелерінің азаматтық - құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасау жағдайларына қолданылмайды.»;

қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сақтандыру полистері  
бланктерінің мазмұнына және  
оларды жасауға, көлік құралдары  
иелерінің азаматтық-құқықтық  
жауапкершілігін міндетті сақтандыру  
бойынша сақтандыру полисін  
рәсімдеуге қойылатын талаптарға  
қосымша

Нысан».

26. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруына қойылатын талаптарды, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастары жөніндегі талаптарды және сақтандыру агентінің делдалдық қызметті жүзеге асыруына өкілеттіктерін бекіту туралы» 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6164 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 30 қазанда № 450-451 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруына қойылатын талаптар, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастары жөніндегі талаптар және сақтандыру агентінің делдалдық қызметті жүзеге асыруына өкілеттіктерінде:

2-қосымшаның Сақтандыру агенттерінің тізіліміндегі

«

Сақтандыру агентінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нөмірі мен күні (заңды тұлға үшін) немесе жеке куәлігінің нөмірі мен берілген күні (жеке тұлға үшін)

»

бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Сақтандыру агентінің заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің нөмірі мен күні немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні

».

27. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 59 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6290 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-қосымшаның Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесінде:

11-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жарғының, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмелері;».

28. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерінің құжаттарды сақтау ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 182 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6232 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының және кәсіпкерлік

қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерінің құжаттарды сақтау ережесінде:

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметінде жасалатын құжаттар тізбесінің (сақтау мерзімі көрсетіледі) 1-қосымшасының 20-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

«

20.	Ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің құрылтай және тіркеу құжаттары (құрылтай шарттары, жарғылар, ережелер, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктер (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) анықтамалар), салық төлеушіге тіркеу нөмірін (бизнес-сәйкестендіру нөмірін) беру туралы куәліктер)	Тұрақты	ҚӨД	
-----	---	---------	-----	--

29. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті беру, борышкер-тұлғаның өзі туралы және оның пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісімін ресімдеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы № 36 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7498 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 23 маусымда № 199-200 (27018-27019) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті ұсыну, борышкер-тұлғаның өзі туралы және оның пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісімін ресімдеу қағидаларында:

1 және 2-қосымшалар осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 22 және 23-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

30. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 67 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7552 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 19 маусымда № 191-192 (27010-27011) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу қағидаларында:

15-тармақ алып тасталсын.

31. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 82 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7569 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 14 маусымда № 185-186 (27004-27005) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау қағидаларында:

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің нотариатта куәландырылған көшірмесінің болуын;»;

16-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің нотариатта куәландырылған көшірмесінің болуын тексереді;»;

2-қосымшаның Шарттарды есепке алу журналы нысанындағы

«

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)  
туралы куәлігінің нотариат куәландырған көшірмесі

»

баған мынадай редакцияда жазылсын:

«

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)  
туралы анықтамасының немесе куәлігінің нотариат  
куәландырған көшірмесі

».

32. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар берудің талаптары мен тәртібі туралы қағидаларды бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 87 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7534 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 19 маусымда № 191-192 (27010-27011) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар берудің талаптары мен тәртібі туралы қағидаларда:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жарғының және өтініш берушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің (салыстыра тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариатта куәландырылған) көшірмелерін;»;

1-қосымшадағы Өтініште:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің нөмірі мен күні,

бизнес - сәйкестендіру нөмірі: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_»;

3-тармақ алып тасталсын.

33. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 123 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 124 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7640 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 11 тамызда № 262-263 (27081-27082) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру қағидалары:

1-тармақтың 3) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«құрылтайшыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің көшірмесін;».

34. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7701 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 25 тамызда № 286-287 (27105-27106) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында:

7-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасында мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәлік (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге тиіс резидент заңды тұлғалар үшін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептік тіркеуге тиіс резидент емес филиалдар (өкілдіктер) үшін), осындай құжат бұрын ұсынылмаған не өзгерген жағдайда;»;

41-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);».

35. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде таратуға рұқсат беру не көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 26 маусымдағы № 198 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7811 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 29 тамызда № 290-291 (27109-27110) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде таратуға рұқсат беру не көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту қағидаларында:

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Уәкілетті орган өтінішті барлық қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде қарайды.».

36. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 236 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7960 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 21 қарашада № 402-403 (27221-27222) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықта:

10-тармақтағы:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаның филиалын есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қазақ және орыс тілдеріндегі анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі.»;

3) тармақша алып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Банк коды және банк филиалы кодының разрядтары мынадай мәнді білдіреді:

1) Үкімет құрамына кіретін мемлекеттік органдарға 001-ден 099-ға дейін;

2) Ұлттық Банкке және оның филиалдарына 101-ден 199-ға дейін;

3) банктерге және олардың филиалдарына 201-ден 999-ға дейін.».

37. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктер болып табылмайтын заңды тұлғалардың банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызметін лицензиялау қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 258 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7984 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 5 желтоқсанда № 421-422 (27240-27241) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктер болып табылмайтын заңды тұлғалардың банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызметін лицензиялау қағидаларында:



4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жарғының және заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі (түпнұсқаларын бермеген жағдайда салыстырып тексеру үшін нотариатта куәландырылған көшірмелері);»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Инкассациялау бойынша операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға филиалды Қазақстан Республикасының әділет органдарында есептік тіркегеннен (қайта тіркегеннен) кейін филиалды есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке көрсетілген анықтаманың көшірмесін ұсынады.».

Өзгерістер енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2003 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 139 қаулысына 3-қосымша

*Кастодиан банк, басқарушы агент және арнайы қаржы компаниясы арасында жасалатын  
кастодиандық үлгі шарт*

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ жыл

\_\_\_\_\_ (елді мекеннің атауы)

Осы Шарт мынадай тараптардың арасында жасалды:  
Арнайы қаржы компаниясы

\_\_\_\_\_ (компанияның атауы, заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу

\_\_\_\_\_ анықтаманың немесе куәліктің нөмірі және күні)  
бұдан әрі «Компания» деп аталады да, заңнамаға сәйкес  
берілген жарғы немесе сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)  
ақылы, \_\_\_\_\_

Басқарушы агент \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Басқарушының атауы, лицензия нөмірі және берілген күні)  
бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады да, жарғы немесе заңнамаға  
сәйкес берілген сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын

\_\_\_\_\_ (лауазымы, фамилиясы, аты-жөні)

арқылы, \_\_\_\_\_

Кастодиан банк \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (банкнің атауы, лицензия номері, берілген күні)  
бұдан әрі «Кастодиан» деп аталады да, жарғы немесе заңнамаға  
сәйкес берілген сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын

\_\_\_\_\_ (лауазымы, фамилиясы, аты-жөні)  
арқылы.

## **1-тарау. Шарттың мәні**

1. Шарттың мәні Компанияның Кастодиан шоттарындағы бөлінген активтерін жауапты сақтау және есепке алу жөніндегі қызметті ұсыну болып табылады.

2. Компания ақшалай талап етуді бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигацияларды шығару жолымен қаржыландыруды, сондай-ақ бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялауды жүзеге асырады. Осы функцияларын жүзеге асыру үшін Компания Кастодианда шот ашады.

3. Басқарушы Инвестициялық портфельді басқару шартының талаптарына сәйкес Кастодиандағы Компанияның тиісті шоттарындағы Компанияның бөлінген активтері бойынша уақытша еркін түсімдерін инвестициялауды жүзеге асырады.

4. Компания тапсырады, ал Кастодиан Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтай отырып және осы Шартқа сәйкес Компанияның өзіне сеніп тапсырылған активтерінің сақталуын және есебін жүргізуді қамтамасыз етеді және олардың мақсатқа орай орналастырылуына бақылау жасайды.

## **2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

5. Кастодиан:

1) Компанияға осы Шарттың 3-тарауында сипатталған шот режимінде теңгеде банктік инвестициялық шот ашуды және жүргізуді;

2) Компанияға осы Шарттың 4-тарауында сипатталған шот режимінде шетел валютасында банктік инвестициялық шот ашуды және жүргізуді;

3) Компанияға осы Шарттың 5-тарауында сипатталған шот режимінде бөлінген активтер есебінен инвестициялауға рұқсат берілген бағалы қағаздарды және басқа қаржы құралдарын есепке алу және сақтау үшін баланстан тыс шоттарды ашуды және жүргізуді (бұдан әрі - қаржы құралдарын есепке алу шоты);

4) Компанияның бөлінген активтер бойынша түсімдерін операциялық күн ішінде банктік инвестициялық шот есебіне алуды;

5) Басқарушыға және Компанияға операциялық күннен кейінгі күнгі сағат \_\_\_ кешіктірмей операциялар түрлері бойынша теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттағы ақша қозғалысы туралы хабарламаны ұсынуды;

6) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау кезінде ақшаны теңгедегі банктік инвестициялық шоттан және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттан қарсы агенттердің ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы тиісті шоттарына аудару кезінде және бағалы қағаздарды есептен шығаруға (есептеуге) және қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттардан (шоттарға) банктік салымдарға орналастыруды (қайтаруды) жүргізу кезінде ақша аудару бойынша Басқарушының тапсырмаларын орындауды;

7) бөлінген активтер қамтамасыз ету болып табылатын шығарылған облигациялар жөніндегі міндеттемелерін оның іске асыруы үшін Компанияның банктік ағымдағы шотына банктік инвестициялық шоттағы ақшаны есептен шығару жөніндегі Компанияның төлем тапсырмаларын орындауды;

8) Басқарушы, Кастодиан және Компания арасындағы үш жақты салыстыру актісі негізінде бөлінген активтер бойынша уақытша еркін келіп түсімдерді инвестициялау кезінде пайда болған Басқарушының шығыстарын өтеу үшін Компанияның немесе Басқарушының банктік ағымдағы шотына теңгедегі банктік инвестициялық шоттан ақша аудару жөніндегі Компанияның (немесе Басқарушының) төлем тапсырмаларын орындауды;

9) Басқарушыны және Компанияны қаржы құралдарын есепке алу бойынша шоттарда (шоттардан) бағалы қағаздарды есептеу (есептен шығару) туралы бағалы қағаздарды есептеген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуді;

10) бөлінген активтердің сақталуын қамтамасыз етуді;

11) бөлінген активтердің қозғалысына байланысты операцияларды күн сайын есепке алуды қамтамасыз етуді;

12) бөлінген активтер бойынша есеп беруді, сондай-ақ бөлінген активтерді есепке алу жөніндегі бастапқы құжаттарды бес жыл бойы сақтауды. Компанияның талап ету құқығын иеленуін растайтын бастапқы құжаттарды Кастодиан ол бойынша талаптарды орындаған сәттен бастап бес жыл бойы сақтауды;

13) Басқарушыға және Компанияға бағалы қағаздар эмитенттерінен ақпаратты Кастодианға ақпарат түскен күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуды;

14) Кастодиан, Басқарушы және Компания жүзеге асыратын бөлінген активтердің есебі мен бағалануының сәйкестігін қамтамасыз етуді;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған көлемде номиналды ұстаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруды;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік инвестициялық шоттары және Компанияның қаржы құралдарын есепке алу шоты туралы мәліметтердің құпиялылығын сақтауды;

17) осы Шарттың 7-тарауында көзделген тәртіппен деректерге тұрақты түрде қарсы тексеруді жүргізуді;

18) Компанияның теңгедегі немесе шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттан ақша аудару немесе қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттардан бағалық қағаздарды есептен шығару туралы Басқарушының бұйрығын уәкілетті мемлекеттік органнан Компания лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы ресми хабарламасын алған сәттен бастап уәкілетті мемлекеттік органнан Компания лицензиясының қолданылуын қайтадан қалпына келтіру туралы ресми хабарламасын алған сәтке дейін орындамауды;

19) Компаниядан кастодиандық қызметті атқаруға арналған өзінің лицензиясының тоқтатыла тұрғаны немесе Компания мен Басқарушының арасындағы инвестициялық портфельді басқарудың бұзылғаны туралы жазбаша хабарламаның жіберілгендігі туралы хабарламаны алған сәттен бастап Компанияның жазбаша ұйғарымдарына сәйкес іс-қимыл жасауды;

20) уәкілетті органның ресми шешімін алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей бөлінген активтерді сақтау және есебін алу жөніндегі Кастодиан құқығының өзгеруіне алып келетін басқа жағдайлар немесе кастодиандық қызметке берілген лицензияның қолданылуының уақытша тоқтатылуы (жойылуы) туралы Басқарушыны және Компанияны жазбаша хабардар етуді;

21) Компанияның жазбаша сұрауларына \_\_\_ жұмыс күні ішінде жауап қайтаруды;

22) қаржы құралдары бойынша кірістердің түсіміне бақылау жасауды;

23) қаржы құралдары бойынша алынған кірісті Компанияның банктік инвестициялық шотына Кастодианның корреспонденттік шотына кіріс түскен күні есептеуді;

24) Басқарушының тапсырмалары Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес келмеген жағдайда дереу уәкілетті органға және Компанияға хабарлай отырып, оны орындамауды міндетіне алады.

6. Кастодианның:

1) ай сайын осы Шарттың 20 және 21-тармақтарына сәйкес Компаниядан және Басқарушыдан өзінің көрсеткен қызметі үшін ақы алуға;

2) осы Шарттың 10-тарауында көзделген талаптармен және тәртіпте осы Шартты бұзуға;

3) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдермен мәмілелер бойынша қызметті және қаржы құралдарының есебі жөніндегі шоттарды жүргізетін номиналды ұстаушының функциясын жүзеге асыратын тиісті ұйымдардың қызметіне ақы төлеу бойынша Кастодианның шығыстарын өтеуге Компания мен Басқарушы арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шартқа сәйкес Компанияға немесе Басқарушыға шот-фактура ұсынуға;

4) көрсетілген шоттарда ағымдағы түсімдерді ескере отырып, мұндай төлем тапсырмаларын орындауға жеткілікті сома болмаған жағдайда, Компанияның немесе Басқарушының теңгедегі немесе шетел валютасындағы инвестициялық шоттан және зейнетақы төлемдерінің банктік шотынан соманы есептен шығару жөніндегі төлем тапсырмасын орындамауға;

5) Компанияны және Басқарушыны бұл жөнінде \_\_\_ жұмыс күні бұрын алдын-ала жазбаша хабардар ете отырып, тарифтерді өзгертуге;

6) Кастодианның халықаралық рыноктарда бөлінген активтермен жасалған мәмілелер бойынша

Компания, Кастодиан және Басқарушы арасындағы салыстырып тексеру актісімен расталған шеккен шығыстары сомасын акцептсіз есептен шығаруға құқығы бар.

7. Компания:

1) Басқарушы мен Кастодиан арасындағы бөлінген активтерді есептеу мен бағалаудың сәйкестігін қамтамасыз етуді;

2) Кастодианға Басқарушы мен Кастодиан арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартының көшірмесін, сондай-ақ оған жасалған барлық өзгерістер мен толықтырулардың көшірмелерін беруге;

3) Кастодианға заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің, жарғының, акциялар (Компания акционерлік қоғам нысанында тіркелген жағдайда) шығарылымы проспектісінің және акциялар шығарылымын бекіту туралы есептің көшірмелерін, сондай-ақ аталған құжаттарға жасалған барлық өзгерістер мен толықтыруларды ұсынуды;

4) бөлінген активтер қамтамасыз етуі болып табылған Компания шығарған облигациялар бойынша міндеттемелерді өтеу күні шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді іске асыру үшін Компанияның банктік инвестициялық шотынан банктік ағымдағы шотына Кастодианға ақшаны есептен шығару жөніндегі тапсырманы жіберуді;

5) Кастодианға және Басқарушыға (егер Компания мен Басқарушы арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартына сәйкес Кастодианға төлем тапсырмаларын жіберу міндеті Басқарушыға жүктелген болса) теңгедегі банктік инвестициялық шоттан ақшаны Компанияның банктік ағымдағы шотына аудару жөнінде өкім жіберуге, сондай-ақ Кастодианға банктік инвестициялық шоттан ақшаны Компанияның банктік ағымдағы шотына аудару жөніндегі төлем құжаттарын жіберуді;

6) Кастодиан берген және осы Шарттың 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген шот-фактураларды шотты алған күннен бастап \_\_\_ жұмыс күнінен кешіктірмей егер осындай мүмкіндік Компания мен Басқарушы арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартында көзделген болса, төлеуді;

7) Кастодианды және Басқарушыны уәкілетті орган тарапынан салынған барлық санкциялар туралы немесе тиісті мемлекеттік органның шешімін алған күннен бастап Компанияның атқарып отырған қызметіне байланысты құқықтарына өзгерістер енгізуге алып келетін өзге де жағдайлар туралы хабардар етіп отыруды;

8) Кастодианға осы Шарттың 5-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген шоттарды ашу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттар пакетін беруді;

9) Кастодианды барлық өзгерістер туралы (төлем құжаттарына қол қою құқығы бар басшы қызметкерлерді ауыстыру, мекен-жайларының, телефондарының ауысуы) өзгерістер келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Кастодиандағы тиісті құжаттарды ұсыну арқылы жазбаша хабардар етуді;

10) Компанияның болжалданып отырған таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы туралы екі айдан кем емес мерзім ішінде Кастодианға және Басқарушыға жазбаша нысанда хабардар етуді;

11) Осы Шарттың 7-тарауында көзделген тәртіппен деректерді қарсы салыстырып тексеруді тұрақты жүргізуді міндетіне алады.

8. Компания:

1) осы Шарттың 10-тарауымен көзделген талаппен және тәртіппен осы Шартты бұзуға;

2) Кастодианнан және Басқарушыдан осы Шарттың 9-тарауында көзделген тәртіппен Басқарушы жүзеге асырып отырған инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет туралы ақпарат алуға құқылы.

9. Басқарушы:

1) Басқарушы шарт жасалған күні Кастодианға бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік қызметі үшін шарт жасаған бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті (бұдан әрі - брокер-дилер) жүзеге асырушы ұйымның (ұйымдардың) деректемелерін хабарлауды;

2) осы Шарттың 7-тарауында көзделген тәртіппен деректерді тұрақты түрде қарама-қарсы салыстыра бақылау жүргізуді;

3) Кастодианға және Компанияға инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыру құқығына

берілген мемлекеттік лицензияның, Басқарушының атынан Кастодианның жазбаша тапсырмаларына қол қоюға уәкілетті Басқарушының басшы қызметкерлерінің қойылатын қолдарының үлгілерінің нотариатта куәландырылған карточкасының көшірмесін беруді;

4) Кастодианға және Компанияға Басқарушыда болжалданып отырған тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы екі айдан кем емес мерзімде жазбаша нысанда хабардар етуді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялауды жүзеге асыруды және Кастодианға көрсетілген деректемелер бойынша ақша аудару жөніндегі төлем құжаттарын және бағалы қағаздарды есептеу (есептен шығару) және қаржы құралдарының есебін алу жөніндегі шоттарға (шоттардан) салымдарды орналастыру (қайтару) жөніндегі бұйрықтарды жіберуді;

6) бөлінген активтер бойынша еркін түсімдерді қатыстыра отырып мәміле жасауға брокер-дилерге бір мезгілде тапсырыстардың түпнұсқаларын жібере отырып, Кастодианға осындай бұйрықтардың көшірмелерін (төлем сенімхаты және аударым жасау өкімі) және Кастодианның операциялық күні аясында қаржы құралдарының есебін алу жөніндегі шоттарға (шоттардан) бағалы қағаздарды есептеу (есептен шығару) жөніндегі бұйрықтарды жібере отырып, осынысымен Кастодианның бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында жасалатын мәмілелерді растау жүйесіне қатысуын және мәмілелердің және бөлінген активтердің мақсатты орналастырылуына бақылауын жүзеге асыруды;

7) Басқарушының брокер-дилер ретінде бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелеріне дербес қатысқан жағдайын хабарландыруға немесе Кастодианды сауда-саттыққа қатысу және бағалы қағаздарды сатып алу-сату жөніндегі мәмілені жасау күнгі оның нәтижесі туралы жазбаша хабардар етуді;

8) Компанияға мәміле жасалғаннан кейінгі жұмыс күні бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдермен жасалған мәмілелер туралы есеп беруді;

9) Компанияға және Кастодианға ай сайын ағымдағы операциялық күні сағат \_\_\_ дейін мыналар туралы ақпарат беруге:

алынған инвестициялық кіріс сомасын;

есептелген инвестициялық кіріс сомасын;

10) Кастодианға және Қорға екінші деңгейдегі банкпен банктік салым жөнінде жасалған шарттардың көшірмелерін олар жасалған күні беруді;

11) Кастодианның Компанияға ұсынған шот-фактурасын осы Шарттың 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шот ұсынылған күннен бастап \_\_\_ операциялық күннен кешіктірмей төлеуді;

12) бөлінген активтерді есепке алудың және бағалаудың Компаниямен және Кастодианмен сәйкестілігін қамтамасыз етуді;

13) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған өз лицензиясының іс-әрекетінің уақытша тоқтатылуы (тоқталуы) туралы немесе бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялауға Басқарушының құқықтарын өзгертуге алып келетін өзге де жағдайлар туралы уәкілетті органның шешімін алған күні Кастодианды және Компанияны хабардар етуді;

14) барлық өзгерістер туралы (төлем құжаттарына қол қою құқығы бар басшы қызметкерлерді ауыстыру, бизнес-сәйкестендіру нөмірінің құрылымына енетін мәліметтер, мекен-жайларының, телефондарының ауысуы) өзгерістер келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Кастодианның тиісті құжаттарын ұсыну арқылы Кастодианды жазбаша хабардар етуді;

15) Басқарушы, Компания және Кастодиан арасындағы үш жақты салыстыру актісі негізінде бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау кезінде пайда болған шығыстарды өтеуді қабылдауды міндетіне алады.

10. Басқарушы:

1) осы Шарттың 10-тарауында көзделген талап пен тәртіппен осы Шартты бұзуға;

2) Басқарушы мен Компания арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартына сәйкес қызметіне төлем алуға құқылы.

### **3-тарау. Теңгедегі банктік инвестициялық шот режимі**

11. Теңгедегі банктік инвестициялық шот бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау нәтижесінде пайда болған қаржы құралдары кірісін, бөлінген активтер бойынша түсімдерді, бағалы қағаздарды өтеуге, салымдарға орналастыруға және ұлттық валютада екінші деңгейдегі банктерде орналасқан салымдар бойынша қайтып келген сомаларды алуға, сондай-ақ бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдер есебінен және басқа түсімдер мен шығыстар есебінен қаржы құралдарын сатуға арналып отыр.

12. Осы Шартқа сәйкес Басқарушының, жекелеген жағдайларда - Компанияның олардың арасында инвестициялық портфельді басқаруға жасалған шартқа сәйкес шотты басқару құқығы бар.

13. Шоттағы ақша Басқарушының немесе Компанияның кепілдігінің, кепілдік беруінің, кепілдемесінің және басқа да міндеттемелерінің объектісі бола алмайды.

### **4-тарау. Шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттың режимі**

14. Шетел валютасындағы банктік инвестициялық шот құны шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бойынша алынған кіріс түсімінен, шетел валютасын сатудан, шетел валютасымен номинирленген бағалы қағаздарды сатып алуға бағытталған бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдер есебінен шетел валютасын сатып алудан, талап ету құқығын іске асыру шетел валютасымен жасалатын бөлінген активтер бойынша түсімдерді есептеуге, бағалы қағаздарды өтеуге, шетел валютасындағы екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған салымдар бойынша қайтарылған сомаларды қабылдауға және шетел валютасындағы басқа түсімдер мен шығыстарға арналып отыр.

15. Шотты басқару құқығы Басқарушыға жүктеледі.

16. Шоттағы шетел валютасындағы ақша Компанияның кепілдігінің, кепілдік беруінің, кепілдемесінің және басқа да міндеттемелерінің объектісі бола алмайды.

### **5-тарау. Қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шот режимі**

17. Қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шот Компанияның бағалы қағаздарды және бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдер есебінен сатып алынған басқа да қаржы құралдарын есепке алуға арналған баланстан тыс шоты болып табылады.

18. Шотты басқару құқығы Басқарушыға тиесілі.

19. Шоттағы қаржы құралдары Басқарушының немесе Компанияның кепілдігінің, кепілдік беруінің, кепілдемесінің және басқа да міндеттемелерінің объектісі бола алмайды.

### **6-тарау. Кастодиан көрсеткен қызметке ақы төлеу мөлшері мен тәртібі**

20. Компания және Басқарушы Кастодианның шоттарын осы Шартқа және Компания және Басқарушы инвестициялық портфельді басқару үшін жасалған шартына сәйкес төлейді.

21. Кастодианның тарифтері осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Кастодианның тарифтері өзгерген жағдайда осы өзгерістер қосымша келісім түрінде ресімделеді.

### **7-тарау. Есеп беру нысандары және кезеңділігі**

22. Кастодиан теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттардағы ақшаның қозғалуына қарай Басқарушыға операциялардың түрлері бойынша теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттардағы ақшаның қозғалысы туралы хабарламаны, және Компанияға - аталған хабарламаны және оның үзінді көшірмесін береді.

23. Кастодиан қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттарға(дан) бағалы қағаздарды есепке алу (есептен шығару) және салымдарды орналастыру (қайтару) туралы үзінді-көшірмені, сондай-ақ «Бағалы

қағаздар орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының үзінді-көшірмелерін Компанияға ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

24. Кастодиан есепті айдан кейінгі айдың үш жұмыс күні ішінде салыстырып тексеру үшін мынадай деректерді электрондық түрде қалыптастырады және Басқарушыға және Компанияға жібереді:

- 1) қаржы құралдарының құрылымын;
- 2) теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттардағы ақша қозғалысын;
- 3) қаржы құралдарының сатып алу құнын;
- 4) зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялардың ағымдағы құны;
- 5) есептелген және алынған инвестициялық кіріс сомасын;
- 6) Компанияның талап ету құқығын иеленгенін растайтын құжаттамаларды;
- 7) Кастодианның комиссиялық сыйақы сомасын.

25. Шарттың 24-тармағында көрсетілген деректер бойынша салыстырып тексеру есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірілмей Кастодиан, Басқарушы және Компания уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс үш жақты салыстырып тексеру актісімен ресімделеді.

26. Бөлінген активтерге қатысты инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындар пайда болған жағдайда Кастодиан, Басқарушы және Компания осындай шығындар бойынша салыстырып тексеру жүргізеді.

## **8-тарау. Тараптардың жауапкершіліктері**

27. Басқарушының немесе Компанияның осы Шарттың талаптарына сәйкес жіберген тапсырмаларын (бұйрықтарын) Кастодиан уақтылы орындамаған жағдайда Кастодиан тапсырмасы (бұйрығы) мерзімінде орындалмаған Компанияның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жасау күніне белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің \_\_\_\_\_ мөлшерінде ақы төлеу күнін қосқанда, әрбір кешіктірілген күн үшін мерзімінде орындалмаған тапсырмада көрсетілген сомаға есептелген айып төлейді.

28. Осы Шарттың 9-тармағының 11) тармақшасында және 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген шот-фактураларды уақтылы төлемеген жағдайда Компания және/немесе Басқарушы Кастодианға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жасау күніне белгіленген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің \_\_\_ мөлшерінде Басқарушы мен Компанияның арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартына сәйкес ақы төлеу күнін қосқанда, әрбір кешіктірілген күн үшін төленбеген сомаға есептелген айып төлеуге міндетті.

29. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау, дұрыс немесе уақтылы орындамау нәтижесінде басқа тарапқа немесе тараптарға шығын келтірген тарап осындай жағдайлар туындағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде осы тарапқа немесе тараптарға шығынды өтеуге және оларға төлем жасау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгіленген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің \_\_\_\_\_ мөлшерінде тараптың әрқайсысына жеке есептелген шығын сомасына есептелген айыптарды төлеуі міндетті.

30. Егер айыптардың туындау негіздері осы Шарттың 9-тарауында көрсетілген дүлей күш жағдайына тікелей байланысты болса, тараптар осы Шарттың 27-29-тармақтарында көрсетілген айыптарды төлеуден босатылады.

31. Басқарушы Қазақстан Республикасының бастапқы және қайталама бағалы қағаздар рыноктарында және халықаралық рыноктарда жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша есептеулерге арналған төлем тапсырмаларының Кастодианға уақтылы берілуі үшін жауапкершілік алады.

## **9-тарау. Төтенше жағдайлар**

32. Егер осы Шарттың 33-тармағында көрсетілген Төтенше жағдайлар тараптардың біріне осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға бөгет, кедергі жасаса немесе кідіртсе, осындай тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауы Төтенше жағдайлар созылатын тең уақытқа және жоғарыда аталған



міндеттемелерді орындауға бөгет, кедергі жасау немесе кідірту дәрежесіне қарай тоқтатыла тұрады.

33. Төтенше жағдай өртті, су тасқынын, зілзаланы, соғыстарды (жарияланған және жарияланбаған), көтерілістерді, ереуілдерді, азамат соғысын немесе тәртіпсіздіктерді, осы Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне уәкілетті органдар тікелей немесе жанама тыйым салатын заңдар, қаулылар, шешімдер және өзге де актілерді қабылдауын қосатын, бірақ шектемейтін кез келген жағдайларды білдіреді.

34. Төтенше жағдай туындаған күні осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергісі бар тарап басқа тараптарды Төтенше жағдайдың басталғаны туралы және Төтенше жағдайдың оған осындай міндеттемелерді орындауына әсері туралы жазбаша хабарлауы тиіс. Егер тарап осы тармақта белгіленгендей Төтенше жағдай туралы хабарламаса, сол тарап осы тарап үшін Төтенше жағдай нәтижесінде басқа тараптарға хабарлама жіберуге мүмкіндігі болмай қалған жағдайларды қоспағанда осы шарттың 35-тармағында көрсетілген құқықтарын жоғалтады.

35. Төтенше жағдай тоқтатылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде оған тартылған тарап басқа тарапқа Төтенше жағдайдың тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарлауы тиіс және осы шарт бойынша міндеттемелерін орындауды қайта жаңартуы тиіс. Егер Төтенше жағдай басталғаннан кейін бір айдан астам уақытқа созылса, тараптардың кез келгені осы шарттың 10-тарауға сәйкес осы Шарттың қолданылуын тоқтатуға құқылы.

### **10-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі және оны бұзу тәртібі**

36. Осы Шарт оған қол қойылған сәттен бастап жасалған деп саналады және мерзімсіз қолданылады.

37. Шартты бұзу Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерімен бірге мынадай жағдайларда болуы мүмкін:

1) Компанияның атқарушы органының тиісті шешімінің негізінде;

2) Басқарушының талап етуі бойынша;

3) Кастодианның шешімі бойынша;

4) Кастодианға уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берген лицензиясының қолданылу мерзімі тоқтатылған кезде.

38. Шартты бұзу жөнінде бастама жасаушы Шартты бұзу жөніндегі белгіленген күнге дейінгі отыз күнтізбелік күн ішінде тараптарды хабарландыруы міндетті.

39. Компанияның активтерін жаңа Компанияға уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беру рәсімдері аяқталған соң бұзылды деп есептеледі.

40. Шарт Кастодианның бастамасы бойынша бұзылған жағдайда ол Компания мен Басқарушының кастодиан қызметін жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы бар басқа банкпен кастодиан шартына қол қойған сәтіне дейін осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға міндетті.

### **11-тарау. Басқа да талаптар**

41. Тараптар Қазақстан Республикасының осы Шарттың мәніне қатысты және осы Шарт бойынша тараптардың қатынастарын реттейтін заңдарын сақтауға міндеттенеді.

42. Осы Шарт әрқайсысының заң күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде үш дана етіп жасалған, әрбір тарапқа бір-бірден келеді.

43. Осы Шарттың талаптары кез келген өзге шарттың немесе тараптар арасында жеке немесе бірге жасалған келісімнің талаптарына қайшы келген жағдайда осы Шарттың ережелері басым болып табылады және тараптар ең алдымен осы Шарттың ережелерін басшылыққа алады.

44. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың жазбаша келісуі бойынша осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімге қол қою арқылы енгізіледі.

45. Тараптардың осы Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамалары негізінде Қазақстан Республикасының соттары олардың құзыретіне сәйкес қарайды.

46. Тараптардың ешқайсысы да осы Шарт бойынша құқықтарын немесе міндеттемелерін үшінші тұлғаға беруге немесе басқаға беруге құқылы емес.

## 12-тарау. Тараптардың деректемелері және қолдары

Компания

---

---

---

---

---

(Компанияның деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, почталық мекен-жайы, телефондары, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)

(Компания өкілінің қызметі, қолы)  
мөрдiң орны

Кастодиан

---

(Компанияның деректемелері, почталық мекен-жайы, телефондары, банктік бірегейлендіру коды, жеке бірегейлендіру коды, бенефициар коды)

---

(Басқарушы өкілінің лауазымы, қолы)  
мөрдiң орны

Басқарушы

---

---

---

---

---

(Басқарушының деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефондары, почталық мекенжайы, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)

(Басқарушы өкілінің қызметі, қолы)  
мөрдiң орны

Өзгеріс енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
2-қосымша

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2003 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 139 қаулысына  
4-қосымша

*Кастодиан банк пен бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялауды  
дербес жүзеге асыратын арнайы қаржы компаниясы арасында жасалатын кастодиандық  
үлгі шарт*

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ жыл

\_\_\_\_\_ (елді мекеннің атауы)

Осы Шарт мынадай тараптардың арасында жасалды:  
Арнайы қаржы компаниясы

\_\_\_\_\_  
(Компанияның атауы, мемлекеттік (қайта) тіркеу куәлігінің

\_\_\_\_\_  
нөмірі және күні)

бұдан әрі «Компания» деп аталады да, заңнамаға сәйкес берілген  
жарғы немесе сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, фамилиясы, аты-жөні)

арқылы,

Кастодиан Банк \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Банктің атауы, лицензия нөмірі және берілген күні)

бұдан әрі «Кастодиан» деп аталады да, жарғы немесе заңнамаға  
сәйкес берілген сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, фамилиясы, аты-жөні)

арқылы.

### **1-тарау. Шарттың мәні**

1. Шарттың мәні Компанияның Кастодиан шоттарындағы бөлінген активтерін жауапты сақтау және есепке алу жөніндегі қызметті ұсыну болып табылады.

2. Компания ақшалай талап етуді бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигацияларды

шығару жолымен қаржыландыруды, сондай-ақ бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялауды жүзеге асырады. Осы функцияларды жүзеге асыру үшін Компания Кастодианда шот ашады.

3. Компания тапсырады, ал Кастодиан Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтай отырып және осы Шартқа сәйкес Компанияның өзіне сеніп тапсырылған активтерінің сақталуын және есебін жүргізуді қамтамасыз етеді және олардың мақсатқа орай орналастырылуына бақылау жасайды.

## **2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

4. Кастодиан:

1) Компанияда осы Шарттың 3-тарауында сипатталған шот режимінде теңгеде банктік инвестициялық шот ашуды және жүргізуді;

2) Компанияда осы Шарттың 4-тарауында сипатталған шот режимінде шетел валютасында банктік инвестициялық шот ашуды және жүргізуді;

3) Компанияда осы Шарттың 5-тарауында сипатталған шот режимінде (бұдан әрі - қаржы құралдарын есепке алу шоты) бөлінген активтер есебінен инвестициялауға рұқсат берілген бағалы қағаздарды және басқа қаржы құралдарын есепке алу және сақтау үшін баланстан тыс шоттарды ашуға және жүргізуге;

4) Компанияның бөлінген активтері бойынша түсімдерін операциялық күн ішінде банктік инвестициялық шот есебіне алуды;

5) Компанияға операциялық күннен кейінгі күнгі сағат \_\_\_\_\_ кешіктірмей операциялар түрлері бойынша теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттардағы ақша қозғалысы туралы хабарламаны ұсынуды;

6) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау кезінде ақшаны теңгедегі банктік инвестициялық шоттан және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттан қарсы агенттердің ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы тиісті шоттарына аудару кезінде және бағалы қағаздарды есептен шығаруға (есептеуге) және қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттардан (шоттарға) банктік салымдарға орналастыруды (қайтаруды) жүргізу кезінде ақша аудару жөніндегі Компанияның тапсырмаларын орындауды;

7) Компанияның банктік инвестициялық шотынан Компанияның банктік ағымдағы шотына бөлінген активтер қамтамасыз ету ретінде болып табылған шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді онымен іске асыру үшін ақшаны есептен шығару жөніндегі төлем тапсырмаларын орындауға;

8) Компанияның теңгедегі банктік инвестициялық шоттан Компанияның банктік ағымдағы шотына Кастодиан мен Компанияның арасындағы салыстырып тексеру актісі негізінде бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау кезінде туындаған Компанияның шығыстарын өтеу үшін ақша аудару жөніндегі төлем тапсырмасын орындауға;

9) Компанияны бағалы қағаздарды есептеу (есептен шығару) күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей қаржы құралдарын есепке алу бойынша шоттарда (шоттардан) бағалы қағаздарды есептеу (есептен шығару) туралы хабардар етуге;

10) бөлінген активтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

11) бөлінген активтердің қозғалысына байланысты операциялардың күнделікті есебін қамтамасыз етуге;

12) бөлінген активтер бойынша есепті, сондай-ақ бөлінген активтерді есепке алу жөніндегі бастапқы құжаттарды бес жыл бойы сақтауға. Кастодиан Компанияның талап ету құқығын растайтын бастапқы құжаттарды олар бойынша талаптар орындалған күннен бастап бес жыл бойы сақтайды;

13) Компанияға бағалы қағаздар эмитенттерінен түскен ақпаратты Кастодианға ақпарат түскен күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға;

14) Кастодиан, Компания жүзеге асыратын бөлінген активтердің есебі мен бағалауының сәйкестігін қамтамасыз етуге;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған көлемде номиналды ұстаушы қызметін көрсетуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның банктік инвестициялық шоттары және қаржы құралдарын есепке алу шоттары туралы мәліметтердің құпиялылығын сақтауға;

17) осы Шарттың 7-тарауында көзделген тәртіппен деректерге тұрақты түрде қарсы тексеруді жүргізуге;

18) Компанияның теңгедегі немесе шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттарынан ақша аудару және қаржы құралдарын есепке алу шоттарынан бағалы қағаздарды есептен шығару туралы бұйрықтарын уәкілетті органнан Компанияның жеке шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы ресми хабарлама алған күннен бастап және уәкілетті органнан Компанияның жеке шоттары бойынша операцияларды қайтадан қалпына келтіру туралы ресми хабарлама алған күнге дейін орындамауға;

19) Компанияны кастодиандық қызметті жүргізуге өзінің лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру (тоқтату) немесе Кастодианның бөлінген активтерін сақтау және есепке алу құқығын өзгертуге алып келетін басқа жағдайлар туралы уәкілетті органның ресми шешімін алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарлар етуге;

20) Компанияның жазбаша сұрауларына \_\_\_\_\_ жұмыс күні ішінде жауап беруге;

21) қаржы құралдары бойынша кірістердің түсуіне бақылауды жүзеге асыруға;

22) қаржы құралдары бойынша алынған кірісті Компанияның банктік инвестициялық шоттарына Кастодианның корреспонденттік шотына кіріс түскен күні есептеуге;

23) Компанияның тапсырмалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға дереу хабарлай отырып, оларды орындамауға.

#### 5. Кастодиан:

1) осы Шарттың 14 және 15-тармақтарына сәйкес Компаниядан өзінің көрсеткен қызметтері үшін ай сайын ақы алуға;

2) осы Шарттың 10-тарауында көзделген талаптармен және тәртіппен осы Шартты бұзуға;

3) Компанияға Кастодианның бөлінген активтері бойынша уақытша бос түсімдерімен мәмілелер жасау және қаржы құралдарын есепке алу бойынша шоттарды жүргізу жөніндегі номиналды ұстаушының функциясын жүзеге асыратын тиісті ұйымдардың қызметіне ақы төлеу бойынша шығыстарын өтеуге шот-фактура ұсынуға;

4) көрсетілген шоттарда ағымдағы түсімдерді ескере отырып, мұндай төлем тапсырмаларын орындау үшін жеткілікті сома болмаған жағдайда, Компанияның теңгедегі немесе шетел валютасындағы инвестициялық шоттардан соманы есептен шығаруға төлем тапсырмаларын орындамауға;

5) Компанияны бұл жөнінде \_\_\_\_\_ жұмыс күні бұрын алдын-ала жазбаша хабарлар ете отырып, тарифтерді өзгертуге;

6) халықаралық нарықтарда бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдермен жасалған мәмілелер бойынша Компания мен Кастодиан арасындағы салыстырып тексеру актісімен расталған Кастодиан шеккен шығыстар сомасын акцептсіз есептен шығаруға құқылы.

#### 6. Компания:

1) Басқарушы және Кастодианмен бөлінген активтерді есепке алу және бағалаудың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

2) Кастодианға заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің немесе анықтамасының, жарғысының, акциялар шығарылымы проспектісінің және акциялар шығарылымын бекіту туралы есебінің көшірмелерін (Компания акционерлік қоғам нысанында тіркелген жағдайда), сондай-ақ көрсетілген құжаттарға барлық өзгерістер мен толықтырулардың көшірмелерін ұсынуға;

3) Кастодианға функционалдық міндеттеріне бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерін инвестициялау бойынша қызметті жүзеге асыру кіретін, бағалы қағаздар портфелін басқару жұмысын орындауға рұқсат беру құқығымен біліктілік куәліктерін иеленген қызметкерлер туралы мәліметтерді ұсынуға;

4) бөлінген активтер қамтамасыз ету болып табылған Компания шығарған облигациялар бойынша міндеттемелерді өтеу күні Кастодианға банктік инвестициялық шотынан Компанияның шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерін іске асыру үшін оның ағымдағы банк шотына ақшаны есептен

шығару жөніндегі тапсырмасын жіберуге;

5) Кастодианға теңгедегі банктік инвестициялық шотынан Компанияның ағымдағы банк шотына ақша аударуға өкім жіберуге, сондай-ақ Кастодианға банктік инвестициялық шотынан Компанияның ағымдағы банк шотына ақша аудару үшін төлем құжаттарын жіберуге;

6) Кастодиан ұсынған және осы Шарттың 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген шот-фактураны шот алынған күннен бастап \_\_\_\_\_ жұмыс күнінен кешіктірмей төлеуге;

7) Компанияны уәкілетті орган тарапынан салынған барлық санкциялар немесе Компанияның қызметін жүзеге асыруға берілген құқықтарын өзгертуге алып келетін басқа жағдайлар туралы тиісті мемлекеттік орган шешімін алған күні Кастодианға хабардар етуге;

8) Кастодианға осы Шарттың 4-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген, шоттар ашу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған құжаттар пакетін ұсынуға;

9) Кастодианды екі жұмыс күні ішінде Кастодианға тиісті құжаттарды ұсына отырып, өзгерістер күшіне енген күні барлық өзгерістер (төлем құжаттарына қол қою құқығы бар басшы қызметкерлердің ауысуы, салық төлеушінің мекенжайларының, телефондарының, тіркеу нөмірінің өзгеруі) туралы жазбаша хабардар етуге;

10) Кастодианға Компанияның болжанған таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы туралы кем дегенде екі ай бұрын жазбаша нысанда хабарлауға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялауды жүзеге асыруға және Кастодианға көрсетілген деректемелер бойынша ақша аударуға төлем құжаттарын және бағалы қағаздарды есептеу (есептен шығару) және салымдарды қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шотқа (шоттарға) орналастыру шоттан (шоттардан) қайтару жөніндегі бұйрықтар жіберуге;

12) брокер-дилерге бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдердің қатысуымен мәмілелер жасауға арналған тапсырыстардың түпнұсқаларын бір мезгілде жібере отырып, Кастодианға осындай тапсырыстардың (ақы төлеуге берілген сенімхат, аударуға өкім) көшірмесін және Кастодианның операциялық күні шеңберінде қаржы құралдарын есепке алу бойынша бағалы қағаздарды шотқа (шоттарға) есептеуге шоттан (шоттардан) есептен шығаруға берілген бұйрықтарды осы арқылы Кастодианның бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасалатын мәмілелерді растау жүйесіне қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып жіберуге және мәмілелердің орындалуына және бөлінген активтерді мақсатты орналастыруына бақылауды жүзеге асыруға;

13) Компания бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелеріне дербес қатысқан жағдайда бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесін жасау күні Кастодианға хабарлауға немесе жазбаша хабар беруге;

14) Кастодианға екінші деңгейдегі банктермен жасалған банк салымы шарттарының көшірмелерін оларды жасау күні ұсынуға;

15) осы Шарттың 7-тарауында көзделген тәртіппен деректерді қарсы салыстырып тексеруді жүйелі түрде жүргізуге міндетті.

7. Компания:

1) осы Шарттың 10-тарауында көзделген талаптармен және тәртіппен осы Шартты бұзуға;

2) Кастодианнан бөлінген активтерді есепке алу және сақтауға қатысты ақпарат алуға құқылы.

### **3-тарау. Теңгедегі банктік инвестициялық шоттың режимі**

8. Теңгедегі банктік инвестициялық шот бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау нәтижесінде пайда болған бөлінген активтер бойынша түсімдерді, қаржы құралдары бойынша кірісті есепке алу, бағалы қағаздарды өтеу, салымдарға орналастыру және екінші деңгейдегі банктерге ұлттық валютада орналастырылған салымдар бойынша қайтарылған сомаларды алу, сондай-ақ бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдер есебінен сатып алынған қаржы құралдарын және өзге түсімдер мен шығыстарды сату үшін арналған.

9. Шоттағы ақша Компания кепілінің объектісі, кепілдіктерінің, кепілдемелерінің және басқа да міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болмайды.

#### **4-тарау. Шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттың режимі**

10. Шетел валютасындағы банктік инвестициялық шот талап ету құқығын сату шетел валютасында жүргізілетін бөлінген активтер бойынша түсімдерді есепке алу, бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдердің есебінен шетел валютасына номинирленген бағалы қағаздарды сатып алуға арналған шетел валютасын сатып алу, шетел валютасын сатуға, құны шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бойынша алынған кіріс түсіміне, бағалы қағаздарды өтеуге, салымдарға орналастыруға және екінші деңгейдегі банктерде шетел валютасымен орналастырылған салымдар бойынша қайтарылған сомаларды және шетел валютасындағы басқа түсімдер мен шығыстарды алуға арналған.

11. Шетел валютасындағы шоттағы ақша Компания кепілінің объектісі, кепілдіктерінің, кепілдемелерінің және басқа да міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болмайды.

#### **5-тарау. Қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттың режимі**

12. Қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шот Қордың бағалы қағаздарды және зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған басқа да қаржы құралдарын есепке алуға арналған баланстан тыс шоты болып табылады.

13. Шоттағы қаржы құралдары Компания кепілінің объектісі, кепілдіктерінің, кепілдемелерінің және басқа да міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болмайды.

#### **6-тарау. Кастодиан көрсеткен қызметке ақы төлеу мөлшері мен тәртібі**

14. Компания Кастодианның шоттарын осы Шартқа сәйкес төлейді.

15. Кастодианның тарифтері осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Кастодианның тарифтері өзгерген жағдайда осы өзгерістер қосымша келісім түрінде ресімделеді.

#### **7-тарау. Есеп беру нысаны және кезеңділігі**

16. Кастодиан теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттардағы ақшаның қозғалысына қарай Компанияға операциялардың түрлері бойынша теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттардағы ақшаның қозғалысы туралы хабарлама береді.

17. Кастодиан қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шотқа (шоттарға) бағалы қағаздарды есептеуге шоттан (шоттардан) есептен шығару және салымдарды орналастыру (қайтару) туралы үзінді-көшірмені, сондай-ақ «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының үзінді-көшірмелерін Компанияға ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

18. Кастодиан есепті айдан кейінгі айдың үш жұмыс күні ішінде салыстырып тексеру үшін мыналар туралы деректерді электрондық түрде қалыптастырады және Компанияға жібереді:

- 1) қаржы құралдарының құрылымы;
- 2) теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттардағы ақшаның қозғалысы;
- 3) қаржы құралдарының сатып алу құны;
- 4) Компанияның активтері есебінен инвестициялардың ағымдағы құны;
- 5) есептелген және алынған инвестициялық кірістің сомасы;
- 6) Компанияның талап ету құқығын иеленуді растайтын құжаттама;
- 7) Кастодианның комиссиялық сыйақының сомасы.

19. Осы Шарттың 18-тармағында көрсетілген деректер бойынша салыстырып тексеру есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірілмей Кастодианның және Компанияның уәкілетті өкілдерінің қолы қойылуы тиіс салыстырып тексеру актісімен ресімделеді.

